

Тақырыбы: *Солтүстік
мұзды мұхит*



- ▶ Солтүстік Мұзды мұхит - Жер шарындағы аумағы жөнінен ең кіші мұхит. Ауданы - 14,75 млн км², суының көлемі - 18,07 млн км³. Орташа тереңдігі - 1225 м, ең терең жері - 5527 м. Солтүстік Мұзды мұхиттың орта тұсында Солтүстік полюс орналасқан. Солтүстік полюс маңы толығымен Солтүстік мұзды мұхит пен оның теңіздері, Еуразия мен Солтүстік Америка құрлығының жағалауын қоса Арктика деп атаймыз. Қыс айларындағы ауа температурасының төмен болуына қарай Солтүстік Мұзды мұхит толығымен мұз құрсауында болады.

Зерттелуі

► Солтүстік Мұзды мұхитты кімдер зерттеді?

1553 жылы ағылшын теңізшісі Ричард Ченслер қазіргі Архангельск орналасқан жерге, ал 1556 жылы Стивен Барроу Жаңа Жерге дейін жетті. Голланд зертеушісі Виллем Баренц 1594-1596 жылдары 3 арктикалық экспедицияға шығып, Жаңа Жерде қайтыс болды. Бұдан кейін де Солтүстік Мұзды мұхит аймағын зерттегісі келген саяхатшылар көп болды. Кейінірек, 1940 жылдардан бастап мұхит ғылыми тұрғыдан зерттеле бастады. Ломоносов және Менделеев жоталары ашылды. Мұхитты зерттеуге Кеңес ғалымдары және америкалық, канадалық ғалымдар үлкен үлес қосты. Қазіргі уақытта Ресейлік Арктика аумағы Орыс географиялық қоғамы бастамасымен зерттелуде және игеру жұмыстары жүргізілуде.



Мұхиттың климаты қандай?

Солтүстік Мұзды мұхитқа арктикалық өте суық климат тән. Арктикалық белдеуде орналасуына және тұрақты мұз жамылғысына байланысты. Көбіне боран мен ызғарлы желдер тұрады. Орташа жылдық температура 0°C -ден төмен. Жылдық жауын-шашынның 200 мм-ден асуы өте сирек. Қыста мұхиттың орталық бөлігінде қысымы жоғары Арктикалық антициклон қалыптасады. Алты ай бойына осы антициклон басым болады.



Мұз құрсап жатқан аймақта тіршілік иесі болуы мүмкін бе?

Өсімдіктер мен жануарлар дүниесі. Климат жағдайына байланысты бұл аймақтың тіршілік дүниесі ерекше, эндемиктерден құралған. Арктикталық және атланттық түрлерден тұрады. Балықтың 150 түрі, құстардың 30-ға жуық түрлері (шағала, балшықшы, кайра, ақ қаз, қарашақаз, т.б.), сүтқоректілерден итбалық, сойдақтістілер, кит, поляр дельфині, т.б. кездеседі. Жағалауын ақ түлкі, ақ аю және бұғы мекендейді. Мұхитта аң аулау балық кәсіпшілігі дамуда. Еуразия жағалауы арқылы ресейліктер Солтүстік теңіз жолын пайдалануда. Солтүстік Америкада Канада жағалаулары және топаралдарды бойлап, Солтүстік батыс су жолы игерілген.



- ▶ **Теңіздері**
 - . *Баренц теңізі*
 - . *Кара теңізі*
 - . *Лаптевтер теңізі*
 - . *Шығыс Сібір теңізі*
 - *. *Норвег теңізі*

- ▶ Шекараласатын елдер мен аймақтар. Солтүстік Мұзды мұхит Дания (Гренланд), Исландия, Канада, Норвегия, Ресей және Америка Құрама Штаттарымен шектеседі.

Еуразия жағалауында Тронхейм, Тромсе, Мурманск, Архангельск, Диксон, Тикси, Певек, ал Солтүстік Америка жағалауында - Черчилл, Барроу портты қалалары орналасқан.

- ▶ *Солтүстік мұзды мұхиты* - ХҮІІ ғасырларда батыс Еуропалықтар картасында Гиперборей мұхиты деп аталды. Бұл атау - Гректердің солтүстік жел құдайы-Борей есімі. Ал, орыс саяхатшылары: «Суық теңіз», «Мұзды теңіз» т.б деп атаған. ХІХ ғасырда қазіргі атауын адмирал Ф.П. Литке Осы Арктиканы зерттегенде қойған екен. Солтүстік деп, географиялық орнына аталса, Ал Мұзды деп, мұхит бетін мұз басып жатқандықтан аталса керек.



Солтүстік Мұзды мұхиттағы экологиялық мәселелердің бірі - теңіз жануарларының кейбір түрлерінің жойылып бара жатқаны - оларды жою жөніндегі тыйым салулар мен шектеулер жануарларды қорғай алмауда. Радиоактивті ластануы мен мұздардың еру проблемасының шешімі әлі күнге дейін ашық сұрақ болып қалуда. Сондай-ақ Солтүстік Мұзды мұхиттағы экологиялық жағдайды сипаттау маңызды факторы болып: ядролық қаруды сынау, зардаптарын жою болып табылады. Қазіргі уақытта, саясат осы мәселелерді шешу үшін асығыс емес, себебі мәңгі салқындық жағдайында іс-шаралар қабылдау тым қымбат болып табылады.

Солтүстік Мұзды мұхит суларында құбылыстардың ең қауіптісі деп - мұздықтардың кеңінен еріп кетуі болып табылады. 2030 жылға қарай, Ресейдің солтүстігінде, жанандық жылыну салдарынан апаттар басталуы мүмкін. Қазірдің өзінде, Батыс Сібір, мұздар жылына төрт сантиметрге дейін кемеюде, және келесі 20 жыл ішінде, оның шекарасы 80 километрге дейін жылжуы мүмкін. Ресей солтүстігінде тоқсаннан астам тұрғын үйлер жойылып кетуі мүмкін. Себебі үйлер қатты іргетасқа және мәңгілік суықтыққа арналып салынған. Сонымен қатар қоймалар, өндірістік нысандар, әуежайларды, автомобиль жолдары, жер асты қоймалары жойылуы мүмкін.

Назарларыңызға
рахмет!!!!!!!!!!!!